

**Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы**  
**Жылдың соңы**

**Баланың аты –жөні:** Жалелов Нұрали

**Туған жылы:** 22.10.2020жыл

**Топ:** «Мирас»

**Мақсаты:** Баланың зейін, қабылдау, есте сақтау, сөйлеу мен ойлау, ұсақ және ірі моторика, эмоциялық-ерік аймағы және әлеуметтік бейімделу деңгейін кешенді түрде зерттеу; танымдық процестерінің қалыптасу ерекшеліктерін, эмоциялық тұрақтылығын және қарым-қатынас дағдыларын анықтау.

№	Қолданылған әдістемелер	Нәтижелер
1	<p><b>Зейін мен қабылдауды анықтау</b>  <b>Мақсаты:</b> назар тұрақтылығын, шоғырлану мен көру-қабылдау дәлдігін бағалау.  <b>Әдістемелер:</b>                      «Артық суретті тап» — 10 заттың ішінен сәйкес келмейтінін көрсету                      «Ұқсас суреттерді тап» — бірдей заттарды табу                      «Пішіндерді біріктірі» — түстер мен пішіндерді жұптау                      «Қатесін тап» — суреттегі ұсақ қателерді табу.</p>	<p>Барлық артық затты тапты.</p> <p>Жақсы</p> <p>Сәйкестендірді.</p> <p>Суреттег барлық ұсақ қателерді тапты</p>
2	<p><b>Есте сақтауды тексеру</b>  <b>Мақсаты:</b> қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау.  <b>Әдістемелер:</b>                      • «4 жолды өлең жатта» — балаға 4 жолды өлеңді қайталатып жаттату.                      • «Қайталашы» — 7-8 қарапайым сөзді қайталау (мысалы: мысық, алма, үй, бала, ит, қат, доп, машина.)</p>	<p>4 өлең жаттады, арасында шатасты.</p> <p>8 сөзден 6 сөзді есте сақтады.</p>
3	<p><b>Сөйлеу және ойлау дамуы</b>  <b>Мақсаты:</b> сөздік қоры мен логикалық байланысын анықтау.  <b>Әдістемелер:</b>                      • «Сурет бойынша әңгіме құрастыру»                      • «Не үшін керек?» ойыны (қасық – жеу үшін, қалам – жазу үшін)                      • Қарама-қарсы ұғымдарды атау (үлкен–кіші, жылы–суық)                      • «Заттарды топтастыр» (жемістер, киімдер, ыныштықтар)</p>	<p>Жалпы сурет бойынша әңгіме қысқаша құрады, кейбір дыбыстар анық айтылмады.</p> <p>Айтып берді</p> <p>Біледі</p> <p>Барлығын топтастырды</p>
4	<p><b>Ұсақ моторика</b>  <b>Мақсаты:</b> саусақ қозғалысын, үйлесімділігін</p>	

	бағалау. Әдістемелер: • Құм және дәндер • Суреттерді сәйкестендір. • Ірі моторика, түстерді сәйкесінше шеңберге дәл түсіру. • Нейрожаттығу орындау.	Барлығын толығымен жинады. Сәйкестендірді. Лақтыра алады, кіші шеңберлерге дәл түсіре алмайды, үлкендеріне түсіреді. Шамалы шатасты.
5	<b>Эмоциялық-ерік аймағы</b> Мақсаты: көңіл-күйі мен эмоциялық тұрақтылығын анықтау. Әдістемелер: • «Болады - болмайды» — теріс эмоцияны теріске қояды, дұрысты, дұрысқа қояды. • «Эмоциялар картотекасы» суреттерін талдау	Барлығын дұрыс қойып шықты. Эмоцияларды көрсетті, бірақ қай жағдайда болатынын түсіндіріп бере алады.
6	<b>Әлеуметтік бейімделу</b> Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын анықтау. Бақылау барысында: • Тапсырма кезінде белсенділігі • Көмек сұрай ма, жоқ па • Қарым-қатынасқа түсуі	Қызығушылықпен орныдады Көмек сұрамайды, түсінбеген кезде қайта түсіндіруін өтінеді. Жақсы.

### Даму деңгейі

Нұрали берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Зейіні мен қабылдауы жақсы деңгейде дамыған. Артық заттарды, ұқсас суреттерді дұрыс тауып, пішіндер мен түстерді сәйкестендіре алды. Суреттегі ұсақ кателерді байқап, толық анықтады.

**Қысқа мерзімді есте сақтау қабілеті** орташа-жақсы деңгейде қалыптасқан. Өлеңді жаттап айтып берді, кейбір жолдарын шатастырды. Берілген 8 сөздің 6 сөзін есте сақтап қайталады.

**Сөйлеу кезінде тілдің кейбір әріптерді анық айтпайды.** Ойлау қабілеті жас ерекшелігіне сәйкес. Сурет бойынша қысқаша әңгіме құрастыруғатырысады, заттардың қызметін түсіндіреді, қарама-қарсы ұғымдарды біледі және заттарды топтастыру тапсырмаларын толық орындады.

**Ұсақ моторикасы** мен қимыл үйлесімділігі жеткілікті деңгейде дамыған. Құм және дәндермен жұмысты толық орындады, сәйкестендіру тапсырмаларын дұрыс жасады. Ірі моторикада допты лақтыру дағдысы қалыптасқан, бірақ кіші шеңберлерге дәл түсіруде қиындық байқалды. Нейрожаттығуларды орындау кезінде аздап шатасу болды.

**Эмоциялық-ерік аймағында** эмоцияларды ажыратып, көрсете алады, олардың қандай жағдайда болатынын түсіндіреді. Әлеуметтік қарым-қатынасы жақсы дамыған, тапсырмаларға белсенді қатысады. Түсінбеген жағдайда қайта түсіндіруді сұрайды, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы жақсы.

Жалпы алғанда, Нұралидің психологиялық даму деңгейі жас ерекшелігіне сәйкес келеді.

### **Ұсыныстар**

- Зейін тұрақтылығын дамыту үшін логикалық және дидактикалық ойындарды көбейту;
- Қысқа мерзімді есте сақтауды дамыту мақсатында тақпақ, сөз қайталау жаттығуларын жүйелі жүргізу;
- Баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту үшін сурет бойынша толық әңгіме құрату;
- Сөздік қорын молайтуға арналған сұрақ-жауап және әңгімелесу жұмыстарын жүргізу;
- Ұсақ моториканы дамыту үшін күммен, дәндермен, мозайка және саусак жаттығуларын жалғастыру;
- Қимыл дәлдігін арттыру үшін доппен, нысанаға дәл түсіру ойындарын ұйымдастыру;
- Нейрожаттығуларды жүйелі қайталау арқылы қол-аяқ үйлесімділігін дамыту;
- Эмоцияларды дұрыс түсіну және жеткізуге арналған рөлдік ойындар өткізу;
- Баланың белсенділігін қолдап, өзіне деген сенімділігін мадақтау арқылы арттыру ұсынылады.

**Зерттелген күні «29» 04.2026 жыл.**

**Педагог-психолог Каменова Жанар Забинулловна**